Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

30 қазан сенбі
№86 (1788)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ, қала әкімі:

«ОТШАШУ МЕН КОНЦЕРТТІҢ ОРНЫНА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ӨТКІЗУДІ ЖӨН КӨРДІК»

Қала күні аясында өтетін шараларды көпшілік асыға күткенімен биылғы жылы бұл мереке ерекше өтуде. Эпидемиологиялық ахуалға байланысты ашық аспан астындағы концерт, шоубизнес жұлдыздары өнер көрсететін шаралар биыл жоқ. Сәйкесінше оларға миллиондаған бюджет қаржысы да жұмсалмайды. Қала әкімі Ғанибек Қазантаев бұл мерекені рухани жағынан мардымды өткізуді жөн көргендей. Бұған апта басында өткен «Мейірімді қала – Қызылорда» қайырымдылық акциясы дәлел.

Қала күні мерекесіне арналған қайырымдылық шараға шаһар басшысы Ғанибек Қазантаев арнайы қатысты. Ол орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің алдында өткен «Мейірімді қала – Қызылорда» атты акцияға қолдау танытқан барша мейірімді жандарды, жәрдем ұсынған жомарт жүректі азаматтарды сүйікті қаламыздың төл мерекесімен құттықтап, алғысын білдірді.

– Өздеріңізге белгілі, қазіргі эпидемиологиялық ахуалдың дауылы Ұлы дала еліне де әсер етті. Біз ауыртпашылығы мол, қанағат пен сабырға сенер кезеңге тап болдық. Сондықтан той тойлап, думандататын сәттерден уақытша арыла тұрып, болашағымызды бағдарлауға табанды еңбек етуіміз керек. Осы ретте қала күнінде ұйымдастырылатын жылдағы шараларды қысқартып, отшашу мен концерттерге шектеу енгізіп, қайырымдылық ісіне мән бергенді жөн санадық, – деді қала басшысы.

«Мейірімді қала – Қызылорда» атты қайырымдылық шарасы аясында тұрмыстіршілігі төмен 200 отбасыға көмір отыны, 1500 отбасыға азық-түлік қоржыны таратылды. Бұл қайырымды іс көп қызылордалықтың көңілінен шығып, жылы жүректі жандардың жомарттығын тағы бір мәрте танытуға мол мүмкіндік сыйлады.

А.БІРКЕНОВ

САНАҚ – 2021

Онлайн санақтың қорытындысы бойынша облыста 437738 адам халық санағынан өтіп, көрсеткіш 53,2 процентті құраған. Республика бойынша Сыр өңірі онлайн санақтан өту рейтингісінде екінші орынға тұрақтаған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Балжан Шәменова баяндады.

САНАҚ ҚАЛАЙ ӨТУДЕ?

– Халық санағы – мемлекеттік дәрежеге ие, көптеген сұраққа жауап беретін саяси іс-шара. Ұлттық халық санағының негізгі логотипі мен девизі – Қазақстанда әркім маңызды. Санақ нәтижесі бойынша деректер демографиялық үрдістерді өлшеуге, салыстыруға, талдауға және ағымдарын болжауға мүмкіндік береді. Биылғы халық санағының өз ерекшелігі бар. Мәселен, санақ бірінші рет онлайн электронды форматта жүргізілуде. Онлайн санаққа қызылордалықтар белсенді қатысып, республика бойынша алдыңғы қатарда, – деді облыс әкімінің орынбасары Балжан Мөрәліқызы.

– Қазіргі таңда II кезеңде санақ бөлімінің жұмыстарына 4 адам, 41 нұсқаушы, 138 нұсқаушы-бақылаушы, 1-ші қазаннан бастап 758 сұхбатшылар уақытша жұмысқа тартылды. Бүгінде оффлайн санақтан өткен халықтың саны 358828 адамды немесе 43,6 процентті құрап отыр. Облысымыздағы халықтың жалпы халық санағынан өтуі 96,8 процент немесе 796566 адамды құрады, – деді облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баекеева.

Өңірдегі барлық 108 санақ учаскесінде эпидемиологиялық талаптар сақталып, санақ жүргізетін персоналдар вакциналанған және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. II кезеңдегі сұхбатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әрбір санақ учаскелеріне полиция департаментінің учаскелік инспекторлары бекітілген. Сонымен қатар сұхбатшыларға 1-30 қазан аралығында Қызылорда қаласындағы қоғамдық көліктерде тегін жүру қарастырылған. Облыс көлемінде орналасқан жабық мекемелер толығымен онлайн санақтан өткен.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қала күні қарсаңында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ақын Жүрсін Ерманның 5 томдық таңдамалы жыр жинағының тұсауы кесілді.

АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ

Шарада қала әкімі Ғанибек Қазантаев төл өнер – айтыс атасын мерейтойымен құттықтап, иығына шапан жапты. Ақын өз кезегінде қала күніне орай біршама кітаптарын қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне сыйға тартты. Салтанатты шара Жастар театры ұсынған «Ұлардың дауысы» атты поэтикалық қойылымның премьерасымен жалғасты.

Ж.Ерманның өмірі мен өлеңдеріне негізделген «Ұлардың дауысы» атты поэзиялық қойылым – Қызылорда қаласының Жастар театры, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, жырау, профессор А.Алматов пен ҚР Мәдениет қайраткері, ақын, режиссер-сценарист О.Нұрмахановтың бірлескен туындысы.

Аталған қойылым қиял құшағындағы бала Жүрсін бейнесінен бастау алып, ары қарай жігіт Жүрсіннің азамат болып қалыптасу жолындағы арпалысты сәттерін театр актерлары ақын өлеңдері арқылы жеткізді. Спектакльдің негізгі бөлімінде сахнада көрініс табатын бәйтерек – өмір ағашы, оның жапырақтары ақынның 70 жасқа дейінгі сәулелі сәттері мен мұңды мезеттерін, жеңісі мен жеңілістерін, осы уақытқа дейінгі ғұмыр жолын бейнелейді.

Қойылым соңында ақын Жүрсін Ерман қызылордалықтарды қала күні мерекесімен құттықтап, қала басшылығына және театрдың шығармашылық ұжымына алғысын білдірді.

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

САПАР

ЖАПОН КӨМЕГІ

Жапонияның «Шөп тамыры» бағдарламасы арқылы аймағымыздағы әлеуметтік нысандар көмек алуда. Бөлінген гранттардың көмегімен қаламыздағы №1 мектеп-гимназиясы шатыры жөнделіп, №4 IT мектеп-лицейінде барлық есік-терезесі жаңартылды. Ал №176 орта мектеп ғимаратына заманауи пластик терезелер салынды.

Осы орайда жобалардың жай-жапсарымен жақынырақ таныспақ ниетпен Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Джун Ямада, атташе Томоя Ёкоэ мен «Шөп тамыры» халықаралық бағдарламасының үйлестірушісі Акира Мацумото Сыр еліне арнайы келіп, білім нысандарындағы атқарылған жұмыспен танысты.

2 БЕТТЕ

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

CNN CNN CNN

ТАЙВАНЬДАҒЫ ТАРТЫС

Өздерін тәуелсіз мемлекет ретінде жариялағысы келетін, сол себептен Қытайдан қысым көріп отырған Тайвань туралы бұған дейін де жазған едік. Қазіргі кезде мұндағы ахуал күннен-күнге шиеленісіп бара жатқандай. Осы орайда Тайвань Президенті Цай Инвэнь CNN-ге сұхбат беріп, арнада «Тайвань Президенті Қытай қысым көрсетіп отырғанын ашық айтты» атты тақырыпта кең көлемді мақала жарияланды.

Эксклюзивті сұхбатта Цай Инвэнь Пекиннен келетін қысымның күн сайын артқанын, қазіргі кезде Тайвань жерінде АҚШ әскері жүргенін ашып айтқан. Аптаның екінші күні арна тілшілерімен сұхбат құрған мемлекет басшысы Қытайдың оңтүстік-шығысынан 200 шақырым жерде орналасқан Тайвань демократия «маятнигі» екенін және оны барлығы қорғау керектігін айтқан. «Бұл 23 миллион халық тұратын және олар өздері мен туған жерін қорғап қалғысы келетін, тәуелсіз мемлекетте тұратындарын дәлелдегісі келетін жер», – дейді Президент өз сөзінде.

Жалпы бүгінгі таңда Тайвань мен Қытай арасындағы ара-қатынас соңғы 10 жылда ең төменгі деңгейде. Осы айда Қытай әскері ең көп көлемде ұрыс ұшақтарын жіберіп, тәуелсіздікті қалайтын мемлекетке бір мысын көрсетіп алған еді. Жағдайдың ушығуына Тайвань мен АҚШ арасындағы достық та әсер еткені анық. Өйткені Дональд Трамп пен Джо Байденнің билігі кезіндегі жиі орын алған кездесулер, қару-жарақ беру арқылы әскери күшін арттырған көмектер Пекинге ұнамаған еді.

Цай Инвэнь соңғы 10 жылда ең бірінші рет АҚШ әскері оның мемлекетінде оқу-жаттығу мақсатында жүргенін мойындаған президент. Бұған дейін ең соңғы американдық гарнизон 1979 жылы, АҚШ Пекинді қолдаған кезде елден шығарылған еді.

2020 жылдың басында Америка әскері тайваньдық солдаттарға оқу-жаттығу жүргізіп жатқан видеоны жариялап, кейін өшіріп тастаған. Тайвань билігі де алғашқыда мұны мойындаса, кейін ол оқу-жаттығу шараларын жоққа шығарды.

Сұхбатта Президент нақты қанша американдық әскер барын айтпаса да Қытай ойлағандай көп еместігін алға тартқан. «Біз Америкамен өзіміздің қорғанысымызды күшейту мақсатында тығыс қарым-қатынастамыз», – дейді ол.

Бұрын сауда жөніндегі келіссөз жүргізуші Цай 2016 жылы Тайваньның алғашқы әйел президенті атанған еді. Оның билікке келуіне сол жылдардағы студенттердің көтеріліп, экс-президент, Қытайға көбірек жақын болған бұрынғы мемлекет басшысын биліктен кетірген кезеңі себепкер болды.

Апта басында Цай Тайбэйдің көшелерімен жаяу жүріп өткенде көпшілік оған қол бұлғап, қиын әрі маңызды жұмыс атқарып жатқаны үшін алғысын жаудырған.

Алайда оның билікке келіп, Қытаймен қатынасты шиеленістіргені үшін бірнеше рет халықтың көңілінен шықпай қалған кездері де болды. Бұл ел ішінде Қытайдың қол астында қала бергісі келетін адамдардың барына дәлел. Ал қытайлық билік Цай мен оның партиясы тәуелсіздік алуды қалайды деп санайды-мыс. Дегенмен Цай әуелгі кезде ресми түрде жарияламаса да билікті өзі жүргізетін мемлекет болуды қалайтынын айтқан.

Цай билікке келген кезден бастап Қытаймен экономикалық және дипломатиялық келісім құлдырай бастады. Пекин де әскери қысымды күшейтті. Тайваньның қорғаныс министрлігінің хабарлауынша, соңғы 5 күнде Пекин 150 бомбалаушы, сүңгуір қайыққа қарсы және нысаналарды басқару ұшақтарын жіберген.

Бұл іс-әрекеттің басты себебі – АҚШ-Тайвань қатынасы жаңа деңгейге шығып, 750 млн долларға жасалған қару-жарақ саудасы. Қытай президенті Си Цзиньпин 8 қазанда бейбіт жолмен қосылатыны туралы сөз берді. Бұған дейін ол күш қолданылмайтыны туралы жақ ашпаған болатын. Алайда апта басында Тайвань ісіне қатысты Қытай өкілі провинцияны қосу үшін күш қолдануға құқылы екенін айтты.

Тайвань басшысы Цай елі мен жері үшін бәріне дайын адам. Мұны ол 10 қазандағы Ұлттық Тайвань күні сөйлеген сөзі арқылы тағы бір мәрте дәлелдеген еді. «Тайваньды қысым арқылы қол астына кіргізу ешкімнің ойына да келмеуі керек. Күш көрсетсе де біз соңына дейін күресуге бармыз», – деді ол өз сөзінде. Одан бөлек арнаға берген сұхбатында президент Жапония, Оңтүстік Корея мен Аустралия мемлекеттерін көмек беріп, қолдау білдіруге шақырған.

4 БЕТТЕ

ЖАПОН КӨМЕГІ

Жапон елшісінің жұмыс сапары №176 орта мектебінен басталды. Грант бөлінгенге дейін бұл ғимараттың терезелері ескі әрі оқушылар үшін қауіпті болған. 2020 жылы «Шөп тамыры» бағдарламасы арқылы ұтып алған 50571 АҚШ долларына ғимараттың барлық терезесі ауыстырылды. Делегаттарға мектеп тарихы мен атқарылып жатқан жұмыстар жайлы мектеп директоры Қадыркүл Шаймағанбетова айтты.

Мұнда оқушылар ән-жырдан шашу шашып, мектеп ұжымы естелік сыйлықтарын табыстады. Қалалық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов қала мектептерінің заманауи кейіпте жаңғыртылуына қолдау көрсетіп, балалардың жарық та жылы жерде алаңсыз білім алуларына жағдай жасағаны үшін ризашылығын білдіріп, қалалық мәслихат хатшысының алғыс хатын табыстады.

Мұнан соң Жапон елінің өкілдері №4 IT мектеп-лицейінде болды. Қайтарымсыз қаржылай көмек алған бұл білім ошағы 74983 АҚШ долларына ғимараттың барлық есік-терезесін жаңартқан. Елші ғимарат ішін аралап, атқарылған жұмысқа жақсы бағасын беріп, алдағы уақытта да бірлесе жұмыс атқара беретініне зор сенім білдірді.

Сонымен қатар Жапония елшісі Джун Ямада қаладағы №1 мектеп-гимназиясына барды. Қалтай Мұхамеджанов атындағы бұл мектеп күншығыс елі ұсынған гранттың көмегімен жаңа кейіпке енген. Атап айтар болсақ, 76550 АҚШ доллар қаржыға білім ұясының шатыры жаңартылды.

№1 мектеп-гимназиясында оқушылар қонақтарды жапон тілінде сәлемдесіп қарсы алды. Білім ордасының музейінде ғасырлық тарихпен танысты. Өз кезегінде облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова аймақтағы осындай әлеуметтік жобалар үшін Джун Ямадаға алғыс айтты.

– Мектептердің жөндеуден өтіп, жаңарғаны қуантады. Жапония үкіметінің «Шөп тамыры» бағдарламасы әлеуметтік саланы дамытуға оның ішінде білім беру саласына көп көмегі тиді. Қызылорда облысында білім беру және экология саласындағы бастамалар мен жобаларды іске асырғандарыңыз үшін алғыс білдіремін, – деді облыстық білім басқармасы басшысы.

Сала басшысы «Шөп тамыры» бағдарламасына тағы бір білім ошағы өз жобасымен қатысуға ниеттеніп отырғанын жеткізді. Қаламыздағы Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі балалар тасымалы үшін грант байқауында бақ сынамақ. Бұл – алдағы күннің жүйелі жоспары. Жоспар іске асып жатса тағы бір білім ордасында жаңашылдық жемісін бермек.

Тұрар ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

Басы 1-бетте

ЖИЫН

Сейсенбі күні қала әкімдігінің мәжіліс залында шаһар басшысы Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен жиын өтті. Оған бірқатар сала басшылары қатысып, қала төңірегіндегі өзекті мәселелерді ортаға салды.

ҚАРАУСЫЗ МАЛ ҚАМАУҒА АЛЫНАДЫ

Жиында көтерілген бірінші мәселе ұлттық халық санағы жұмыстарының орындалуы жөнінде болды. Шаһар басшысы бұл мәселеге қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридиновке тапсырып, жұмысты әлі де жандандыру қажеттігін атап өтті. Халық санағының 30 қазанда аяқталатынын ескере отырып, сол уақытқа дейін нәтижелі жұмыс атқаруды міндеттеді.

Сонымен қатар жиында қаралған келесі мәселе қала көшелерінде иесіз жүрген үй жануарлары төңірегінде қозғалды.

– Көше бойында қараусыз бос жүрген малдың салдарынан жол бойында апаттық жағдайлардың орын алатындығы бұған дейін де айтылған болатын. Бұл жөніндегі түйіткілді мәселе бірнеше рет көтеріліп келеді. Сондай-ақ олардың көше тазалығын бүлдіретіндігі де үлкен мәселе екенін баса айтып өту керек. Сондықтан иесіз жүрген үй жануарларын дереу анықтап, айып алаңына қамау арқылы иелерін анықтап айыппұл салу керек. Сонда ғана түйінді мәселенің күрмеуі шешіледі, – деді Ғанибек Қонысбекұлы.

Бұған дейін қала әкімі қала аумағынан екі айып алаңын дайындауды жүктеген. Оның бірінші орналасқан нүктесі «Сығанақ» базары маңындағы Аспалы көпір аумағы болса, екінші айып алаңы «Қызылорда тазалығы» базасы болып белгіленді.

Осы ретте қалалық полиция басқармасына көшеде бей-берекет жайылған малды ұстау және қала тазалығына нұқсан келтірушілерді анықтау жұмыстарына жауапты полиция инспекторларын бөлуді тапсырды.

Одан әрі қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм мен қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімдеріне кәсіпкерлік нысандар орналасқан ғимараттардың қасбетін әрлеп, сәулеттік және эстетикалық талаптарға сәйкестендіруді, нысандар орналасқан аймаққа тазалық жұмысын жүргізуін қадағалау керектігін атап өтті.

Басқосуда қала әкімі құрылыс бөлімінің басшысы Біржан Далабаевқа құрылыс жұмыстарының әлеуетін күшейту қажеттігін қадап айтты. Жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарының бекітілген кестеден баяу жүргізіліп жатқандығы анықталғандығын айтып, уақытында аяқталуын қадағалауды тапсырды.

Қала әкімі аталған мәселелерді назарда ұстайтынын жеткізді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша республикалық онлайн семинар өтті.

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР ҮЛГІ БОЛДЫ

Семинарға мемлекеттік орган басшылары, облыс және өңір әкімдерінің орынбасарлары қатысты. Вебинар жұмысы барысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын халық арасында кеңінен насихаттау, бағдарламаны ғылыми сүйемелдеу секілді мәселелер қамтылды. Сондай-ақ облыстың ғылыми негіздегі жұмыс тәжірибесі өзге өңірлерге үлгі есебінде таныстырылды. Маңызды жиында сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова Сыр өңірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жасалып жатқан жұмыстарды баяндады.

– «Рухани жаңғыру» орталығы 2021 жылдың басында қайта құрылды. Бүгінде онда 19 маман бар. Оның 2-і ғылым кандидаты, 1-і PhD докторы және 2-і ғылым магистрі. Орталықты қайта құру және құрылымын жасақтау барысында ғылыми сүйемелдеу жұмыстарына ерекше назар аударды. Мақсатымыз бағдарламаны түсіндіруде ғылыми негізделген кешенді жұмыстарды жүргізу және түрлі ұйымдар мен мекемелерге әдістемелік қолдау көрсету. Орталықтың үйлестіруімен облысқа белгілі ғалымдарды біріктірген ғылыми-сарапшылық топ құрылды. Топ мүшелері бүгінде бағдарламаның ғылыми-теориялық және әдістемелік жағынан дамуына қолдау көрсетуде, – деді басқарма басшысы Мира Жомартқызы.

Сөз соңында басқарма басшысы бағдарламаны одан әрі дамыту үшін республикалық деңгейде ғылыми-сарапшылық кеңес құру, өңірлерде топтарды қалыптастыру туралы ұсынысын айтты. Сонымен қатар бұл бағытта ғылыми-әдістемелік жұмыстар тәуір нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін тілге тиек етті.

АРДАГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Жуырда «Тағзым» алаңында Тәжік-Ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді құрметпен еске алу шарасы өтті.

Шарада Тәжік-Ауған шекарасында қаза болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтарын қою рәсімі жасалды. Сондай-ақ ерлікпен қаза тапқан боздақтардың рухына құран бағышталды. Мұнан соң бірқатар ардагер қала әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Шара барысында қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Парасат Болатұлы:

– Отан алдындағы борышын адал атқарып, жанқиярлық ерлік көрсетіп, азаматтық парызын өтеп қайтқан жауынгерлерінің алдында кімде-кім болмасын басын иіп, тағзым етеді. Құрметті ардагерлер, сіздерге ұзақ ғұмыр, денсаулық, отбасыларыңызға бақыт тілейміз – деп жылы лебізін білдірді.

Айта кету керек, қала күні мерекесі аясында ұйымдастырылған «Мейірімді қала – Қызылорда» атты қайырымдылық акциясында Тәжік-Ауған соғысы ардагерлерінің отбасына азық-түлік қоржыны таратылды.

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

ВАКЦИНАЦИЯ:
ҚЫЗЫЛОРДА АЛҒАШҚЫ БЕСТІКТЕ

Облыс көлемінде бүгінге дейін коронавирус инфекциясының 18 639 жағдайы тіркелді. Ауруға шалдыққандардың 70 проценті клиникалық белгілерімен анықталған. Дегенмен соңғы 2 айдағы көрсеткіш бойынша коронавирусқа шалдыққандар деңгейі төмендеп келеді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова мәлімдеді.



«Бүгінде белсенді ошақ саны – 418 екені белгілі болды. Оның ішінде үй ошағы – 358, ал ұйымдасқан ұжымдардағы ошақ саны 60-ты құрайды. Мамандар облыс тұрғындары арасында вирус таралуының алдын алу мақсатында белгіленген карантин талаптарының сақталуына мониторинг және күн сайын КВИ эпидахуалына арнайы тексерістер жүргізеді. Яғни жас шамасына байланысты індеттің жұқтыру көрсеткіші мен оның себебі қандай екендігін зерделейді. Соңғы нәтижелерге сүйенсек, коронавирус жұқтырудың жоғары көрсеткіштері жұмыссыздар мен зейнеткерлер және мектеп оқушылары арасында анықталуда. Ал медициналық қызметкерлер, педагогтар, күш құрылымдары қызметкерлері арасындағы індетке шалдығу деңгейі өте төмен. Бұл вакциналаудың коронавирусқа қарсы тиімділігін дәлелдеп отыр», – деді департамент басшысы Динара Олжабайқызы.

БРИФИНГ

ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ

Биыл облыс көлемінде тіркелген қылмыстар саны азайған. Дегенмен, кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар мен кісі өлтіруге оқталу және алаяқтық деректері көбейіп отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Шамшидин Әмитов хабарлады.

– Жалпы өңірде ұрлық, бұзақылық және тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмастарының саны азайды. Кәмелетке толмағандар мен жастарға қарсы және олармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Жасөспірім», «Балалар түнгі қалада», «Ата-ана, Жасөспірім, Көше», «Тұрмыс», «Квадрат», «Учаске» профилактикалық іс-шаралары өткізілді. Нәтижесінде беймезгіл уақытта кезбелікке салынған 201 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылды. Ал балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін тиісті деңгейде орындамаған 99 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – деді Шамшидин Егенбердіұлы.

Соңғы уақытта өңірде жол көлік оқиғалары салдарынан қайғылы жағдайлар көп орын алды. Жыл басынан бері 295 жол көлік оқиғасынан 362 адам дене жарақаттарын алса, 68 адам қаза тапқан.

100 ЖАҢА КІТАП

Жуырда облыстық Ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығында» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ тіліне аударылған 100 кітап бұрышының ашылуы өтті.

Айтулы шарада Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың кітапханашысы Назерке Нұрлыбекқызы қазақ тіліне аударылған 100 кітаптың қай салаға басымдық берілгендігі туралы айтса, ҚР Өнер қайраткері, ақын Серік Ыдырысов сөз тізгінін алып, бұл еңбектің қазақ әдебиеті мен жастарға жасалған рухани дүниенің бірі екенін тілген тиек етті.

Ал облыстық Ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова жастар бастамасына қашанда қолдау көрсетілетіндігін жеткізіп, бұл шарада соның бір көрінісі екендігін атап өтті. «Сыр өңірінің жастары, қаламыздың кез келген тұрғыны «Жастар орталығына» келіп, осы теңдесі жоқ кітаптарды оқып, таным көкжиегін кеңейте алады. Жастардың көтерген бастамасына орай берген ұсынысымызды қабыл алып, қолдау білдірген «Ұлттық аударма бюросының» қоғамдық қорының жетекшісі Рауан Кенжеханұлына алғысымызды білдіреміз» – деді Мира Жомартқызы.

Шара соңында М.Жомартқызы өз тарапынан «Жастар орталығының» кітапханасына және «Кітап құрттары» оқырмандар клубына арнайы тарту есебінде сырбойылық авторлардың кітаптарын және классикалық әдеби аудармаларды сыйға тартты.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ: КӨМЕК БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

Жақында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-ның Омбудсмені Майра Айсина Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан ашылған қызмет көрсету орталығымен танысып, профессор-оқытушылар және білім алушылармен кездесті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік қызметтің цифрлық саладағы қызметтерін кеңінен түсіндіру жұмыстарын тапсырған болатын. Осы ретте ҚР Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен «Күміс университет» тұжырымдамасы аясында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ерікті жастары цифрлық білім беру мен ақпараттық көмек көрсету бағытында ауқымды жұмыстар атқаруда.

Жаңадан ашылған арнайы орталықта ерікті жастар қаламыздың егде жастағы зейнеткерлері мен қала тұрғындарына қызмет көрсететін болады. Еріктілердің жұмыс барысымен танысқан Майра Арапқызы өзге жоғары оқу орындарына «Цифрлы Қазақстан – бәсекеге қабілетті Қазақстан!» ұранымен жолданған челленджге қатысып, еліміз бойынша осындай бастамаларға атсалысуға шақырды. Сондай-ақ ғалымдар мен жастар өкілдері тарапынан айтылған көптеген маңызды ұсыныстар бойынша жұмыстар жасалатынын тілге тиек етті.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ–175 ЖЫЛ

АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНДАҒЫ АЙТЫС ӨНЕРІ

Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша ұлттық ерекшелік, дәстүр жүйесі бар. Әр халықтың туа бітті болмысына, өмір сүру жағдайына орайлас қалыптасқан осы дәстүрлердің тозығын уақыт өзі екшеп, озығын ел кәдесіне жаратып жатса, адамзат көшінің ілгері озуына септігін тигізбек. Ақындар айтысы туралы түйінді тұжырымдар XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Айтыс жанрын қазақ ғылымында арнайы зерттеу А.Байтұрсынұлынан бастап М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев, еңбектерінен кездестіреміз. Қазіргі кезеңде Р.Бердібай, Т.Кәкішұлы, Р.Нұрғали, С.Қасқабасов, М.Жолдасбеков, Х.Сүйіншіәлиев, С.Негимов секілді ғалымдар еңбектерінен жалғасын тауып келеді.

Қазақ әдебиетінде айтыс өнері, айтыс жанры туралы тың мәселе көтеріп, жинақтап пікір айтқан-жазушы, ғалым – Сәбит Мұқанов. Ол ақындар айтысын бес жүйеге бөліп, айтыстың XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихындағы маңызына айрықша тоқталады.

Біздің зерттеу нысанымыздағы айтыс – халықтың рухани азығы, идеологиялық тәрбие құралы. Ал негізін салушылардың бірі Жамбыл бабамыздың айтыстарының тақырыптық, көркемдік ерекшеліктерін көрсету арқылы жас ұрпаққа тәрбие беру, сөз өнерінің құдіретін түсіндіруді мақсат еттік.

Жақсылық-жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан көрген бізді сескенеді, – дейді Жамбыл Жабаев.

Иә, Жамбыл айтысы тақырыбының ауқымы кең. Оның айтыстарында заман, қоғам, адам туралы бүгінгі күннің шындығы

молынан қамтылған. Ол сонысымен де айтыс өнерінің саяси, әлеуметтік, идеологиялық және тәрбиелік мәнін аша түседі.

Қай ұлтты алып қарасақ та, оның мәдени танымы, жан дүниесі ұрпақтан-ұрпаққа тілі арқылы жетеді. Айтыстың – ата-баба мұрасы болғандықтан да, қазіргі көпшіліктің сұранымына ие болып отырғандықтан да өміршең бола бермек. Кешегі мен бүгінгі айтысты қай жағынан алып салыстырсақ та бағасы төмендемегеніне халықтың көзі жетеді.

Жамбыл мен Құлмамбет арасында болған айтыстың болған уақыты мен өткен жеріне байланысты зерттеушілер арасында кереғар пікірлер мен тұжырымдардың бары рас. Ж.Жабаевтың 1946 жылы шыққан жинағында 1881 жылы болды десе, енді бір зерттеушілер 1897 жылы Сүйінбай ауырып, хәл үстінде жатқанда болған дейді. Жамбыл ақынның өзі осы айтыс туралы: «-Ойбой, оны мен жеңгенім жоқ, атамыз Қарасай мен ақиық ақын Сүйінбайдың әруағы жеңдірген. Әйтпесе, Құлмамбет дегендерің ол кезде аузымен құс тістеп, шүйілігіп тұрған кезі еді. Болмаса үш дуан бас қосқан сол топта он бір ақынды жеңіп, домбырасын керегеге байлап қоя ма?» – деген екен. Міне, осы айтыстан соң Жамбыл есімі айтыс өнері тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырды десек болады.

Түлен түртіп отырма, таз Құлмамбет,
Керіқұл мен Сақаудан аз Құлмамбет.
Алақандай басыңның бір қылы жоқ,
Боласың неменеге мәз, Құлмамбет.

Құлмамбет, мен білемін, түбің Уақ,
Арқадан кісі өлтіріп келдің шұбап.
Басыңды осы арада кесіп алсам,
Кісі жоқ қылмысыңнан алар ақтап, – деген жолдардан ойды жеткізудегі өткірлігін көреміз.

Айтыста қарсыласты қайтсем жеңем деп емес, жұртқа өтімді сөз айтсам деген мақсат тұруы тиіс. Бұл туралы сыншы ғалым: Рахманқұл Бердібаев былай деп жазады.

«Айтыс сөз тапқырлығының ғана жарысы емес, ол халықтың теңдесі жоқ тамашаға кенелетін орны. Қалың елдің көз алдында жеке де, қоғамдық та мәселенің неше алуанын батыл да, айқын да көтеретін мүмкіндік тек айтыста ғана бар. Жазба ақындардың туындысы оқушысын тапқанынша, бағасын алғанынша біраз уақыт керек, ал айтыс ақынының әрбір сөзі елдің алдында бірден айтылып, әлеуметтік те, эстетикалық та міндетін орындап отырады. Ал ақынға айтқан сөзі халықтың көкейіне қонып, санасына ұялағанын көруден артық мұрат бар ма? Ендеше жазба туындыдан түр жағынан ұтылатын айтыс өлеңі өзінің пәрменділігі жағынан анағұрлым жоғары тұрады. Фольклор бір жағынан «ескіргендеу» болып көрінгенмен, онда ешбір жазба шығарма айта алмаған көркем әсіреулер, мәңгілік мәнін жоймас бейнелер бар», – деп жазады.

Жамбыл айтыстарынан қыз бен жігіт айтысының да озық үлгілерін көреміз:

Жамбыл:
Айкүміс, асықпауға шамам бар ма?
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға, – десе
Айкүміс:
Біле ме пенде шіркін өз кемісін,
Ел кезіп, есер мінез сен де жүрсің.
Жаралған жат жұрттыққа ұрғашымыз,
Жарқыным, өкінбеші сен мен үшін! – деп өткір жауап береді.

Жамбыл ақын да өз кезегінде:
Барарсың бір жаманға өзің қор боп,
Отырсың қарқарадай әзір зор боп.
Көзіңе көк шыбынды үймелетер,
Көргенің өле-өлгенше ылғи сор боп, – деп өз ойын түйіндейді.

Айтыс әрі қарай да осындай өткір әзілдерге ұласады.

Жамбыл көзі көріп, көңілі сезіп тұрған шындықты өткір айта алған ақын. Бөлтіріктің адуынын бағалай тұра, намысты қолдан бермеу керектігін біліп, жігерін жани сөйлейді.

Дала демократиясының жүзі қайтпас қаруына айналған ақындар айтысы ақиқат айтудан айныған емес. Осылай тәрбиеленген халық «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мінезді мақалды ойлап тауып, оны ұлттық моральдық кодексінің темір қазығына айналдырған. Ақындардың шымырлатып шындықты айтқан шумақтары қашан да халықтың рухын асқақтатты. Сонау Қазтуған, Шалкиіз заманынан бері ақиқатты айнымай айта алатын ақындық дәстүр желісі жалғасып келеді.

Мұхтар Әуезов өзінің «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты мақаласында айтысқа шеберлік жалпы ақындық өнерінің, тіпті барлық әдебиет өнерінің өзгеше биік сатысы екендігін айта келіп, «Сұраншы», «Саурық», «Өтеген батыр» секілді дастандар тудырған Жамбыл жырларына кеңінен тоқталып өтеді.

Жазушы Ғабит Мүсірепов әлеуметтік өткір мазмұнымен танылған айтыс өнерінің аяғынан нық тұруына үлес қосқан Жамбылдың өнерін жоғары бағалаған. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын азамат шықпайды. Ұлттық мұрамыз бен өзіндік ерекшелігімізді айқын көрсететін айтыс өнері арқылы жас буынды рухани-тәрбие құнарымен сусындатып өсірсек нәтижесі мол болады», – деп атап өткен еді.

Қорытындылай келе айтарым, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Бүгін де материалдық құндылыққа көбірек мән беретін жастардың қатары көбейіп келе жатқаны көңілге қуаныш ұялатады. Бұл Жамбыл салған сара жолдың жалғасы деп білеміз.

Базаркүл ЖАЙШЫЛЫҚҚЫЗЫ,
Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының тәрбиешісі

МӘДЕНИЕТ

Жуырда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен қала күні мерекесіне арналған «Жыр шумағым өзіңе...» атты жазба ақындардың мүшәйрасы өтті.

ПОЭЗИЯ КЕШІ

Дәстүрге айналған жыр додасы қала әкімінің тікелей қолдауымен Сыр бойындағы ақындық жолды жалғаған жастардың өнерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылды..

Поэзия кешіне Елубай Әуезов, Оңталап Нұрмаханов және Ұлықбек Тәңірберген секілді ақындар қазылық етті. Екі кезеңнің алғашқысында ақындар өлеңдерін Қызылорда қаласына арнаса, келесісінде поэтикалық дуэльде мықтылығын дәлелдеді. Бақ сынаған 12 жастың 3-еуі жүлделі орынмен, екеуі арнайы жүлдемен марапатталды. Қалған қатысушыларға қала әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Шығармашылық шара қатысушыларына қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Парасат Болатұлы «Бүгінгі мүшәйраға қатысып, жүрегінен жыр төккен және жеңімпаз атанған ақындарға ұлы тұлғалардың жолын берсін! Ақмешітін асқақтатар жастарымызға алғыс білдіре отырып, шалқар шабыт тілеймін» – деп, лебізін арнады.

Биылғы мүшәйраның ерекшелігі жеңімпаз атанған ақындардың шығармалары ақын Толқын Қабылшаның «Өмір – өлең» авторлық бағдарламасында жеке-жеке насихатталатын болады.

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Парасат жолы» жобасы аясында қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, аудармашы Әнуарбек Дүйсенбиевтің туғанына 90 жыл толуына арналған «Біз өмірдің гүліміз» атты жыр кеші өтті. Шараны №11 мектеп-лицейдің 3 «а» сынып оқушыларымен бірігіп, №13 балалар кітапханасы ұйымдастырды.

БАЛАЛАРҒА БАЛДАЙ ЖЫР АРНАҒАН АҚЫН

Бүлдіршіндердің ой-санасы мен таным түсінігін дамытып, оған әлеуметтік өмір мен рухани әлемді таныстырып, танытатын – балалар әдебиеті. Балалар үшін әдебиет тек қана рухани азық, базарлық болып қана қоймай, рухани тәрбиеші де, балалар кітабы тәрбиенің қуатты құралы. Ә.Дүйсенбиев балаларға арнап өлең, ертегі, жұмбақ, мысал жазды. Ақын әрбір туындысында бала мінезін ұстанған.

Жыр кешінің басты мақсаты – балаларды кітап оқуға шақырып, отансүйгіштікке, ұқыптылықпен ізеттілікке тәрбилеу. Кеш барысында балалар сүйікті ақындарының өлеңдерін оқып, балаларға арналған әндерін орындады.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚҰРМЕТ

ЖОСАЛЫНЫҢ ЖАҚСЫБАЙЫ

Әсілінде адамзат баласы туған жерімен тығыз байланыста болады. Саф ауасымен тыныстап, әсем табиғатынан жанына рухани қуат алып өседі. Бұл әрбір азаматтың тұлға болып жетілуіне зор септігін тигізеді.

Біз бүгін сөз еткелі отырған кейіпкеріміз Жақсыбай Жәкеев еңбегімен ер атанып, туған жерін түлетуде өшпес еңбек сіңірген арда азамат. Оның бастамасымен талай туымды дүниелер іске қосылды. Қасиетті Қармақшы топырағында туып өскен ағамыз өзі өсіп өнген өлкенің ыстығына күйіп, суығына тоңып келешек ұрпақ жолында көптеген тағылымды дүниелер қалдырды. Ол әлі де қазақ қоғамына зор пайдасын тигізе бермек.

Жақсыбай ағаны қашан көрсеңде қоғамдық істердің ұйытқысы болып жүреді. Жасым келді деп жайбарақат, қол қусырып отырған ол жоқ. Жосалы кентінің әкімі болған тұстарда да кент ішінде орын алған кез келген түйіткілді мәселенің басы қасында өзі жүретінін жергілікті тұрғындар әлі күнге ризашылық айтып жүр. Одан кейін кент ардагерлер кеңесінің төрағасы болған кезеңдері де қазыналы қарттардың мұң мұқтажын жоғары билік орындарына жеткізіп, оңтайлы шешілуіне өз ықпалын тигізгенін мұқым ел мойындайды. Бұл – қоғамды алға сүйреген тұлғаның боямасыз болмысы болатын.

Жақсыбай Малбағарұлы жасаған игілікті істердің бір парасына тоқталып өтсек. Қасиетті өлкенің ажарына сән қосып тұрған 600 орындық аудандық мәдениет үйі, 165 орындық орталық аудандық аурухана, 18 пәтерлі 4 үй, 1164 орындық №30 Омар Шораяқұлы атындағы және №27 орта мектеп құрылыстарына қолтаңбасы қалған құрылысшы. Сонымен қатар «ПМК-1062», мұнай «Терминал» саласының мекемесінде бас инженер болған кезде «Жаңақала» кеңшарындағы 20 орындық монша, Ақжар ауылындағы мүйізді іріқара кешені, «Қармақшы» кеңшарындағы 50 орындық балабақша, Жосалы механикалық зауытының жылу қазандығы сияқты ірі-ірі ғимараттар пайдалануға берілген. Мұның барлығы үлкен еңбектің нәтижесі болатын.

Тағы бір атап өтерлігі, ауданда қызмет жасаған жылдары көркейту-көгалдандыру жұмыстарының сапалы орындалғаны үшін үш мәрте облыстық, екі мәрте республиканың туын жеңіп алған жарқын сәттері Жәкеңнің тынымсыз атқарған жұмысының жеңісі еді. Осындай еселі еңбегі ел тарапынан жоғары бағаланып, 1970 жылы құрылыс прорабы болып жоғарылады. 1971

жылы аудандық партия комитеті оны аудандық сәулет бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындады. Бұл жұмыстарда да Жақсыбай Жәкеев жауапкершілік жүгін сезініп, күрделі құрылыс саласының жұмыстарына да зор үлесін қоса білді. 1973 жылы аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесінің бастығы болып, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін көшелерге жалпы ұзындығы 18 шақырым болатын су құбырларын жүргізуге бастамашы болды. Кенттің орталық көшелері асфальтталып, көпшілігіне тас төселді. 3 скважина қазылып, су соратын станса салынды. Көптеген көшелерге жарық жүргізілді. Бұл бір қарағанда жеңіл болып көрінгенімен оның артында қаншама еңбек жатыр.

Халқымызда «Болар жігіт он бесінде баспын дер, болмас жігіт қырық бесінде жаспын дер» деген даналық сөзі бар. Жәкеңнің тұлға болып қалыптасуы сонау жастық шағында айқын аңғарылған еді. Оған өзі оқыған оқу ордасы тарапынан жұмысқа қалу жөніндегі ұсынысынан аңғарылады. Шымкент қаласындағы химия-технологиялық институттын құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдаған жас жігітті сол кездегі институт басшылығы оқу орнына мұғалім етіп қалдыруға шешім қабылдайды. Тіптен темір бетонды конструкциялау, материалдар кедергісі (сопромат), Теориялық механика (теормех) деп аталатын пәндерден сабақ беруді жас маманға беріп қойған болатын. Алайда «Ер туған жеріне» деп байырғы бабаларымыз атап өткендей Жақсыбай Малбағарұлы өзі туған Жосалы кентіне келіп, туған ауылын түлетуді мақсат етеді. Сол ізгі арманына жеткеніне өзі де іштей қанаттанып отырады.

Жәкеңнің саналы ғұмырында ерекше орын алатын сәттерінің бірі де, бірегейі түркі әлемінің абызы саналған Қорқыт ата ескерткішінің орнын белгілеуі болатын. Сол бір тарихи сәт туралы Жәкең былайша сөз өрбітті.

– Жасыратыны жоқ, ол менің өмірімде ең бір елеулі тұс десем артық айтқандық емес. Бірде Нағымет Егізбаев, Әбдіраш Мұғалов, Әуелбек Қоңыратбаев, облыстық мемлекеттік ескерткіштерді қорғау бөлімінің басшысы Жақсыбай Құлымбетов және мен Қорқыт атаның басына бардық. Сол жерде дария жағасына, осы жерге дейін Жосалыдан жол салу керек, Қорқытқа ескерткіш қою қажет деген әңгіме басталды. Содан үлкен жолдың бойынан өткен жолаушылар бабаға зиярат етіп, басына құран оқып өтеді. Керемет іс болғалы тұр. Ескерткішті теміржол мен тас жолдың арасына, ана бір төбелердің бірінің үстіне неге қоймаймыз, – дегенім сол еді.

– Мына баланың айтып тұрғаны дұрыс, барып көрейік, – деді профессор Әуелбек Қоңыратбаев. Содан көлікке отырып, арғы бетке өттік. Қазіргі Қорқыт бабаның кесенесі тұрған жерге қазық қағылды. Артынша аудандық атқару комитетінің төрағасы Нажмаддин Ысқақов шешім шығарды. Алматыдан арнайы архитекторлар Бек Ыбыраев пен елтаңба авторы Жандарбек Мәлібеков шақырылды. Кесенеге қаралған арнайы қаржы жоқ. Аупарткомның бірінші хатшысы Елеу Көшербаев ағамыздың тапсырмасымен ПМК-30, ПМК-83, ПМК-1602, құрылыс мекемелерінің асарлату әдісімен кесене салынды, – дейді Жақсыбай Малбағарұлы өз сөзінде.

Міне, сол Жәкең биыл 75 жасқа толғалы отыр. Жұбайы Рауабану медицина саласының ардагері. Екеуі 3 баладан тараған немерелердің қызығына бөленіп отырған қазыналы қариялар. Балаларының барлығы өз салаларының майталман мамандары. Қос қарияның ендігі арманы егемен еліміздің берекелі тыныштығы.

Туған елінің өркендеуі мен көркеюіне орасан зор үлес қосқан қайраткер тұлғаның ғұмырнамалық өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Халыққа қажетті шаруашылықтардың кез келген түрін ұршықша үйіріп әкету Жәкең сынды тұлғаның ғана қолынан келетін іс. Осындай белсенділігімен әлі күнге дейін Сыр өңірінің кемел келешегі жолында жүйелі жұмыстар жасап келеді. Оған қандай марапат ұсынса да жарасар еді. Бұл өз биігін қалыптастырған қайраткердің қайталанбас қолтаңбасы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

#qazaqstan30

АЗАТТЫҚ – АДАМЗАТТЫҢ АРМАНЫ

1991 жылғы тәуелсіздіктің алғашқы кезеңі әлі есте. Бұған дейінгі бір қоғам күйреп, екінші жаңа қоғам есіктен ентелей еніп жатқан тұстағы ел басындағы қиындықтар әлі күнге дейін көз алдымда. Ескі үйді бұзып оның орнын тазартып жаңа үй салып жатқан сияқты едік. Артық кеткен, кемшін түскен тұстарымыз да аз болған жоқ. Себебі осы кезеңде біздің босағамыздан базарлы нарық деген бұрын-соңды құлағымыз естімеген ұғым тосыннан енген. Біз әуелгіде бұған тосырқай қарадық. Елде жұмыссыздық белең алды. Әйелдер қауымы Қытайдың ала сөмкесін арқалап, пойыздан-пойызға жүгірді. Бұл – еркектер жағының қазанға, қыз-келіншектердің базарға қарап қалатын кезі.

Жетпіс жыл өмір сүрген қоғамның жиған-терген дүниесі талай пысықайлардың қолында кетті. Қоғам мүлкін жекешелендіру басталды. Бұл нағыз тоқсаныншы жылғы тоқыраудың бас ауыртып, балтыр сыздатқан тұсы болатын.

Сұм көремін сұғанақ айналамнан,
Мұң көремін көзінен шешелердің...

Сол жылдары қалың елмен бірге қалам ұстаған қарапайым менің де қабырғам қайысты. Таршылықтың тауқыметін тартым. Бір жағынан ақын қылып жаратқан тағдырыма ашындым. Мына жыр жолдары сол жылдары қағаз бетіне түскен еді.

Хатшы түгіл имеген ханға басын,
Сараң тағдыр ақыннан неңді аласың?!
Мені қылған мұңлық ей, құдайым,
Мынау тосын заманның бер бағасын!

Бұл енді сол жылдардағы әр ақынның басындағы ауыр жағдай болатын. Ал мен сол көпшіліктің теңіз тамшысындай бірі ғана едім.

Шүкір, біртіндеп ел етегін жапты, еңсесін тіктеді. Заманның беті бері қарай бастады. Әуелгіде елде бір құбыжық көргендей шошына қарасқан базарлы нарық ұғымына жұрт үйренді. Тек қымбатшылық қамыты қарапайым халықты қыса бермесе екен. Тоқсаныншы жылдары азаттықпен бірге алақайлап төрімізге жайғасқан төл теңгеміз құнын жоғалтпай жұртымыздың қажетіне жарады. Отыз жылда Отанымыз өрге басып, ордамыз өркениетті әлем елдерінің көшіне қосылды. Арқа төсіне қоныс тепкен Астанамыз күн санап, жыл санап асқақтап, Алатау етегіндегі ару Алматымыз ажарына ажар қосып келеді. Мұндай мысалды алыстан іздемей-ақ өзіміз өмір сүріп жатқан Сыр бойындағы сұлу шаһарымыз – Қызылорда қаласының келбетінінде көруге болады.

Тәуелсіздік табалдырықтан аттағалы мұндай жарқын көріністі, келелі кемел істерді ұлтымыздың басым көпшілігі айрандай ұйыған кез келген ауылдардан айқын көруге болады. Мысалы, мен оны осыдан 5-6 жыл бұрын сол кездег облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухамановпен бірге Қармақшы ауданындағы ардагерлер кеңесінің көшпелі іс-шарасына қатысқанда көз жеткіздім. Осы аудандағы Жаңажол елді мекеніне тап сол сапарда араға отыз жылдан астам уақыт салып табаным тигенде құдды ертегілер еліне тап болғандай болдым. Келбеті керемет өзгерген жаңа орталық алаң, «Бәйтерек» мұнарасы, уақыт талабына сай салынған жаңа білім ордасы, мәдениет үйі, көркіне көз тоймайтын тұрғын үйлер көрген көзге қуаныш отын ұялатты.

Кең байтақ қазақ елі тәуелсіздік байрағын желбіреткелі отыз жыл. Ендігі жерде еркін елдің жастарына берекелі тірлік, мағыналы ғұмыр, терең білім, Сыр бойы халқына баянды бақыт тілеймін.

Өркениет өзіне таяп келем,
Дүниені дүр сілкінтіп оят керең.
Ертеңінді ел көрсін ерен ғажап,
Желкеніңді жел керсін ей, ақ кемем!

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ!

Әке сөзі

Менің өмірім 12 жасымда аяқ астынан өзгеріп сала берді.

Әкем екеуміз анамды ақтық сапарға шығарып салу үшін жерлеу рәсіміне дайындалып жатқан едік. Мен үйдің есігін ашқан кезде есік ілмектері бұрынғысынша сықырлап тұрды. Анам ең соңғы рет аурухана табалдырығын аттамай тұрып, маған осы бір есік ілмектерін майлап қоюды тапсырды. Өйткені бұдан шығатын жағымсыз дыбыс оның ашуына тиетін. Бірақ ол уақытта менің мұндай шаруаларды істеуге мүлдем құлқым болмады. Ал қазір мұны істеудің еш маңызы жоқтай.

– Кішкене аялдайық, – деді әкем сыбырлап. – Кел, отыра тұрайық.

Біз дәліздегі баспалдықтың жанына жайғастық. Осы кезде әкемнің аяқ-қолы дірілдей бастады. Бәлкім, анаммен бірге өткен бақытты кезеңдердің естеліктері есіне түскен болар. Мұны көріп, менің де ішім алай-дүлей. Жүрегім езіліп, жылауға шақ қалдым. Дәл осы мезетте әкемнің бойын кернеген қайғының жан шыдатпас ыстығы маған да сезіліп тұрды. Ал маған анамның жоқтығын сезінбеу үшін тағдыр салған тауқыметті ойламай алға қарай жылжу керек болатын.

Кеше есінен алжасқан адамдай күн ұзаққа мең-зең болып жүрдім де қойдым. Ешкім жемеген тамақ дайындап, онсыз да таза тұрған үйді жинадым. Мен анамның өлімін ойламау үшін өзімді осылай жұмыспен алаңдатқым келді. Анамның жерлеу рәсіміне кигізілетін көйлек таңдағанда ғана әкеммен бірнеше минут ғана тілдесе алдым.

Әкемнің қасында болу мен үшін ауыр. Өйткені оның сұрғылт көздері, еңкіш тартқан иығы ойлағым келмейтін шындықты еске түсіретін. Ал мен өзімдегі сезімді сыртқа білдіртпеуге тырыстым. Әкемнің солғын тартқан жүзінен қайғы-қасірет пен сүйіктісінен айырылған шарасыз жанның бейнесін көріп, ол тұңғиыққа өзімді қоса батырғым келмеді. Сол үшін ішімнен «болаттай берік болуым керек» деген сөзді қайталаумен болдым.

Үйде жүрсем өзімді қараңғы қапаста қалғандай сезінетін болдым. Сондықтан үйдің есігінен көшеге мүмкіндігінше тезірек шығып кеткім келетін. Бірақ бұл үйден қанша алыста өмір сүргім келсе де мұның іштей мүмкін еместігін түсінетінмін.

Менің әкем – әскери адам. Өте рухты кісі. Алайда қаншама жыл жанына желеу болған жақынының жоқтығы есеңгіреткен ауыр кезеңде ол өз перзентінің демеуін қажетсінгендей. Әрине, мұндай көрініс пен ой мен үшін біртүрлі әрі таңсық. Себебі анамның денсаулығы нашарлағалы біз бірге отырып, әңгімелесуден де қалған едік. Әркім өз шаруасымен айналысатын. Мен қарындасыма қарасам, әкем үй тірліктерін атқаратын. Екеуміз де анамызға көмектесу үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Ал қазір шыбынның ызыңы да естілмейтін тыныштық пен үнсіздіктің апанында қалғандаймыз.

Осылай ойға батып отырғанда, кенеттен кіреберістегі есік желмен ашылып кетті. Ал көшеде соққан лептен өзгеше салқындық пен бақшада гүлдеген итмұрынның иісі сезілді. Осы кезде тіпті таңертеңгі ауа да қимасыңды жер қойнына тапсырар уақыттың келгенін жеткізгендей.

Әкем алақанына қолымды қойды. Сол сәтте ол менің жүрегімнің қаншалықты қатты соғып тұрғанын сезіп тұр ма екен деп ойладым.

Әкем:

– Мен сені жақсы көретінімді білесің бе? – деді ақырын әрі қырылдаған дауыспен.

Жүрегімнің қатты соққаны сонша, оның сөздерін әрең естідім. Тамағыма құдды бір кесек тұрып қалғандай, дыбыс шығаруға әлім келмеді. Ал жүрегім қатты соғып, алқымыма тірелді.

Әкем қолымнан қатты қысып ұстап, қайта босатты да тұрып кетті. Ал менің алақандарымда әкемнің қолының жылуы, бар мейірімі қалғандай сезілді. Мен оған «Күте тұр! Ешқайда кетпе!» дегім келгенімен көмейімнен тек түсініксіз ыңырсу ғана шықты. Соңғы бірнеше айда мен өз әлеміме ешкімді енгізбейтіндей томаға тұйық болып алдым. Бірақ әлгіндегі сөз бен көрініс менің осы күнге дейін бар күшімді салып келген қараңғылығымды сейілтті. Бойымды да бұған дейін кешпеген тәтті бір сезім биледі.

Әкем мені қатты құшақтаған сәтте, екеуміз де көз жасымызға ерік беріп, жылап жібердік.

– Әке, сен маған бұрын бұл сөздерді айтқан жоқсың, – дедім.

Ол алақандарын дымқыл бетіме басып, маңдайымнан сүйді. Оның мені жанынан артық жақсы көретінін білсем де:

– Сен маған бұрын эштеңе айтпадың, – дедім сөзімді қайталап. Осы сәтте көз жасымды қанша сүртсем де күздегі нөсердей тоқтамады.

Анамнан айырылғаным және оның қатерлі ісіктен көз жұмғаны жанымa қатты батты. Бірақ әкемнің маған деген махаббаты, қиын сәтте қолтығымнан демегені алда өмірдің жалғасатынын, өмір үшін әлі де күресуге болатынын көрсеткендей.

Мен өмір бойы естігім келген сөзді естігенде іштей ризашылығымды білдіріп, әкемді қатты құшақтадым. Шынымды айтсам, дәл осы мезетте оның жанымда болғанына қатты қуандым. Содан соң:

– Мен де сені жақсы көремін, – дедім сәл жымиып.

Ойланып отырсам, осы уақытқа дейін әкемнің «сені жақсы көремін» деген сөзіне «мен де» деп мүлде жауап бермеппін. Білем, біздің өмір айдың-күннің аманында астаң-кестең болды. Бірақ бүгін бұл қайғылы оқиғаны уақыттың еншісіне қалдырып, көз жасымды тыйып, келешекке үмітпен қарауды жөн көрдім. Мен шындыққа тура қараған осы күні көңілім тыныш тапты.

Білемін. Әкем мені жақсы көрді. Әрине, алдағы біздің өміріміз бұрынғыдай болмасы анық. Алайда айлар сырғып, жылдар жылжып, өмір жалғасары даусыз. Рас. Өмірімнің осынау ең қиын сәттерінде ең жақын адамымның махаббатына бөлендім және сол сәттен бастап менің әлемімде бәрі өз орнына келді.

Анамды еске алу кешіне келгендердің барлығы біздің өмірімізді жеңілдететін, жанымызды емдейтін сөздің жоқ екенін айтты. Алайда бұл адамдар қателесті. Әкемнің бірауыз жылы сөзі менің жанымды сөзсіз емдеді.

Шерил ХАРТ
«Chicken Soup for the Soul»
(«Жан дертіне арналған тауық сорпасы») кітабынан аударған Ақтілек БІТІМБАЙ

СПОРТ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында қаламызға қарасты кенттер мен ауылдық округтер арасында «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты спартакиада ұйымдастырылды. Жеті спорт түрінен ұйымдастырылған жарысқа волейбол, шағын футбол, арқан тарту, дойбы, шахмат, үстел теннисі, тоғызқұмалақ секілді ойын түрлері енгізілді.

АУЫЛ СПАРТАКИАДАСЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Сайысқа елдімекендерден 400-ге жуық спортшы қатысты. Он команда бақ сынасқан айтулы дода тартысты әрі қызықты өтті. Бір айға жуық уақытқа созылған спартакиаданың жүлдегерлері барлық спорт түрінің жалпы ұпай сандарын есептеу арқылы анықталды және 3 орын бойынша марапатталды.

Сайыс нәтижесі бойынша волейбол мен арқан тартудан және шахматтан Ақсуат, шағын футболдан Ақжарма, дойбыдан Қарауылтөбе, үстел теннисі мен тоғызқұмалақтан Тасбөгет кенті жүлделі I орынды иеленді. Жеңімпаз командалар мен үздік ойын үлгісін көрсеткен қатысушыларды қала әкімі марапаттады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ауылдар арасындағы мұндай спартакиада алдағы уақытта да дәстүрлі түрде өткізіліп тұрмақ. Сондай-ақ жыл сайын жеңіске қол жеткізген құрама команда ауыспалы кубокты иемденіп отыратын болады.

ҚОҢҚАБАЕВ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Жуырда Қарағанды қаласында жасөспірімдер мен ересектер арасында ережесіз жекпе-жектен әлем чемпионаты өтті.

Оған әлемнің 30-дан астам елінен 1000-нан аса спортшы қатысты. Айтулы додада еліміздің құрама командасы 9 түрлі салмақ дәрежесінде бақ сынады. Айта кетерлігі, біздің спортшылардың көпшілігі еліміздің күштік құрылымдарынан жасақталған. Оның ішінде Қызылорда облыстық полиция департаментіне қарасты арнайы жасақтың инспекторлары, полиция лейтенанттары Асқар Қоңқабаев пен Алтынбек Тұрмаханов 86 келі салмақ дәрежесінде сынға түсті. Тартысқа толы дода да полиция лейтенанты А.Қоңқабаев алтыннан алқа тағып, әлем чемпионы атанды. Ал полиция лейтенанты А.Тұрмаханов аталған салмақ дәрежесіндегі күміс жүлдені қанжығасына байлады.

Осылайша әлемдік чемпионаттың нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасы командалық есепте 1-ші орынды иеленді.

А.БЕРДІБАЙҰЛЫ

CNN CNN CNN

ТАЙВАНЬДАҒЫ ТАРТЫС

Цай Инвэнь сұхбат барысында тезірек тайваньдық әскери күшін модернизациялағысы келетінін де айтқан. Тамыз айында Тайвань жаңа қаруға 1,4 млрд доллар жұмсайтынын мәлімдеген еді. Өткен жылдың желтоқсанында арал 8 отандық су астығы қайығына арнайы флот құрылысын бастады. Президент бұл істердің барлығы әскерді күшейту үшін емес, аралды қорғау мақсатында жасалып жатқанын айтқан:

«Бізде Қытайдан қалған жүйе бар. Бірақ үлкен жер көлемін қорғау мен аралды сақтап қалу екі түрлі нәрсе. Сол себептен біз жаңа қорғаныс жүйесін құруымыз керек», – деді президент.

Бірақ Цай Пекинмен ара-қатынасты жақсартуға қарсы еместігін, керек болса келіссөз жүргізуге дайын екенін айтқан. «Мен оны (Қытай президентін) ашық диалогқа шақырып, билік, халықпен сөйлескенін қалаймын. Сол кезде ол халықтың тәуелсіздікті қаншалықты қалайтынын түсінер еді. Біз әрдайым Қытайды келіссөз жүргізуге шақырамыз. Бұл – қақтығыс пен қантөгістен алып шығар ең оң шешім», – дейді ол.

Жалпы АҚШ Тайваньды қорғайды деген нақты келісім жоқ. Дегенмен Қытай-Тайвань шиеленісі басталған кезде біраз мемлекет аралды жақтап, көмек көрсетуге дайын екендерін мәлімдеген болатын.

Мәселен, Жапонияның қорғаныс министрі Нобуо Киси қыркүйекте арнаға берген сұхбатында «Тайваньда болып жатқан оқиғалар Жапонияға тікелей қатысты. Сондықтан біз сауда бағытының қауіпсіздігі үшін барлығына дайынбыз», – деген болатын.

Ал Джо Байден бейсенбіде Тайваньға көмек көрсету туралы сұраққа «Иә, біз ондай әрекетке баруға міндеттіміз» деп көмектесетіндерін ашық айтқанымен, Ақ үй бұл мәлімдемені көбі дұрыс түсінбеді деген. Бірақ Тайвань басшысы «Қытай бізге күш қолданса, АҚШ бізге сөзсіз көмектеседі», – деп сенімді түрде айтқан. Одан бөлек ол Тайваньның жалғыз еместігін, стратегиялық тұрғыда маңызы зор мемлекет екендігін алға тартқан.

Ал тілшінің «Тайвань әскери күш көмегінсіз қорғана ала ма?» деген сұрағына ол «Біз өзімізді бар күшімізбен қорғауға дайынбыз. Бірақ қайталап айтамын, бізге достық мемлекет пен саяси көзқарасы бірдей елдердің көмегі маңызды» деп жауап берді.

Тайваньды қорғауға тек әскери күш қана қажет емес. Одан бөлек саяси демеу да маңызды. Осы орайда Вашингтон Тайваньды халықаралық ұйымдарға, әсіресе БҰҰ ұйымына қосылуға үндеуде. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен өзінің Twitter парақшасында «Тайвань – маңызды серіктес және демократиялық жеңістің ашық көрінісі» деп жазды.

Цай өз сөзінде Қытайдың қысымынан қорықпайтынын және БҰҰ-ға кіруге ниетті екенін айтты. «Біз Біріккен ұлттар ұйымының қатарына кіруге қарсы емеспіз. Ал Қытай қарсы болған жағдайда ұйымды айыптауға құқылы», – деді ол.

Цайдың билікке келуі Қытайдың бас көтеріп, әлемдегі ең үлкен державаларға айналуымен тұспа-тұс келді. 2017 жылы Си Цзиньпин қайта сайланған кезде әлемдік аренадағы позициясын өзгертті. Тіпті оның әскери-теңіз күші АҚШ-ты да басып озды. Ал апта басында ол қару-жарақ жасаудың жаңа деңгейіне шығуды жоспарлағанын мәлімдеді.

Қытай қанша қысым көрсетсе де Цай бейбіт келісімнен үмітін үзбей отыр. Ол әлі де болса екі мемлекет екі түрлі саяси көзқараспен бейбіт өмір сүре алады деп сенеді. «Біз бірге отырып келіссөз жүргізіп, бейбітшілікте өмір сүруге жағдай жасасақ болар еді. Менің ойымша мұнда да, Қытайда да адамдар осыны күтіп отыр», – дейді ол өз сөзінде.

Сондай-ақ ол Қытай коммунистік партиясының жақын аудандардағы және әлемдегі елдермен қандай қатынаста болатынын шешетін уақыт жақындап қалғанын айтқан. Одан бөлек, қандай жағдай болсын Қытайдың қол астында қалмайтынын да алға тартқан.

Қысқасы, Цай билікке келген тұста Қытайдың қол астынан шығуды мақсат тұтқандай. Заңдылық бойынша ол тек 2 рет қана елді басқара алады. Яғни өзінің екінші мүмкіндігін пайдаланып отырған Цай Инвэнь билікте әлі 2024 жылға дейін отырады. Соған дейін біраз істің де басын қайыру керек. Оның ішінде мемлекетін тәуелсіз етіп, әлемдік елдермен достастыру ең негізгі миссиясы. Осы тұста ол «Мені өз халқымның есінде елді сақтап қалған және тәуелсіздік алып берген басшы ретінде қаламын деп үміттенемін», – деді. Ал оның мақсатына жетер не жетпесін уақыт көрсетпек...

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 **Тапсырыс №1581**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ